

"Жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 33 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 235 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 33 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32083 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерінде:

мына:

"

5	Атырау облысы	113 117 030	47 462 003	122 748 246	57 093 219	132 863 088	67 208 061
---	---------------	-------------	------------	-------------	------------	-------------	------------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5	Атырау облысы	124 367 048	64 749 195	122 748 246	57 093 219	132 863 088	67 208 061
---	---------------	-------------	------------	-------------	------------	-------------	------------

".

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Қуантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
